

Мұнай өндеу зауытын салу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 5 қараша N 502-ө

Ақтөбе облысын мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету және аймақтың дамуының экономикалық тиімділігін көтеру мақсатында:

1. Ақтөбе облысы әкімінің Алға ауданында "ВООТ" сыйбасы бойынша қуаттылығы жылына 500 мың тоннаға дейін өнделмеген мұнай өндейтін шағын тоннажды мұнай өндеу зауытын салу туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. Осы зауыттың құрылышына "Трансконтиненталь Продакс Сервисез" (АҚШ) фирмасының тартылатыны, "ВООТ" шарттарымен "Ситибанк" (АҚШ) кепілші банк болатыны, Үкімет кепілдігінің талап етілмейтіндігі назарда ұсталсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамын жекешелендіру жөніндегі тендер аяқталғаннан кейін тендер жеңімпазымен жыл сайын мұнай өндеуші зауыт үшін қажетті өнделмеген мұнай мөлшерімен жабдықтау контрактісін жасау мүмкіндігі туралы келіссөз жүргізсін.

4. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Премьер-Министрдің орынбасары Д.Т. Дүйсеновке жүктелсін.

Премьер-Министр